



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ
ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ

4-нұсқа:
27.03.2024


КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1-бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Қабылдау комиссиясының жұмысы	6
3	Білім алушыларды қабылдау тәртібі	7
4	Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі	9
5	Апелляцияны өткізу тәртібі	12
6	Қорытынды ережелер	13



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	4-нұсқа: 27.03.2024
	КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2-бет


1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы колледжге қабылдау туралы ереже (бұдан әрі-ереже) талапкерлерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-Университет) колледжіне техникалық және кәсіптік білім берудің шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламаларына қабылдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» заңымен;
- Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдары, балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларымен;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығымен бекітілген еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне, сондай-ақ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге және Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларымен;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерімен.

1.3 Университетке негізгі орта, жалпы орта (жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары,

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	4-нұсқа: 27.03.2024
	КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3-бет

шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар туралы құжатпен (куәлік, аттестат) қабылданады.

1.4 Университетте білім берілетін мамандықтар тізімі 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарының тізбесі

№	Шифры	Мамандықтың атауы	Мамандандыру	Біліктілік	ПЦК атауы
1	2	3	4	5	6
1	01140200	Музыкалық білім	4S01140201	Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі	Вокалдық өнер және дирижирлеу
2	02110300	Графикалық және мультимедиялық дизайн	4S02110304	Графикалық дизайнер	Көркем өнер
3	02130100	Кескіндеме, мүсін және графика	4S02130101	Суретші	Көркем өнер
			4S02130102	Суретші-иллюстратор	Көркем өнер
			4S02130103	Суретші-мүсінші	Көркем өнер
4	02140100	Сәндік-қолданбалы өнер және халықтық қолөнер	4S02140104	Сәндік-қолданбалы өнер суретшісі	Көркем өнер
5	02150100	Аспаптық орындаушылық	4S02150101 (Фортепиано)	Балалар музыка мектебінің концертмейстер-оқытушысы	Фортепиано
6			4S02150102 (Скрипка)	Оркестр әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	Скрипка
			4S02150102 (АВАК)	Оркестр әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	АВАК
			4S02150102 (Үрмелі және соқпалы аспаптар)	Оркестр әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	Үрмелі және соқпалы аспаптар



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ

4-нұсқа:
27.03.2024

КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

4-бет

1	2	3	4	5	6
			4S02150103 (Домбыра)	Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), оқытушы балалар музыка мектебінің оқытушысы	Домбыра
			4S02150103 (Қобыз, шертер)	Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), оқытушы балалар музыка мектебінің оқытушысы	Қобыз және ОХА
			4S02150103 (ОХА)	Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), оқытушы балалар музыка мектебінің оқытушысы	Қобыз және ОХА
			4S02150104	Эстрада оркестрінің әртісі (дирижер), оқытушы балалар музыка мектебінің оқытушысы	Эстрада өнері
7	02150200	Музыка теориясы	4S02150201	Музыкатанушы, балалар музыка мектебінің оқытушысы	Музыка теориясы
8	02150300	Вокалдық өнер	4S02150301	Академиялық ән әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	Вокалдық өнер және дирижирлеу
			4S02150302	Дәстүрлі ән әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	Вокалдық өнер (Дәстүрлі ән)
			4S02150303	Эстрадалық ән әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	Эстрада өнері
9	02150400	Хор дирижерлеу	4S02150401	Хормейстер, оқытушы	Вокалдық өнер және дирижирлеу
10	02150500	Актерлық өнер	4S02150501	Драма театрының әртісі	Актерлық өнер

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	4-нұсқа: 27.03.2024
	КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5-бет

1	2	3	4	5	6
11	02150800	Театралды- декоративтік өнер	4S02150805	Суретші-декоратор	Көркем өнер

1.5 Университет колледжіне қабылданатын тұлғаларды қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын тарату, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

1.6 Университетке оқуға қабылдау кезінде келесі тұлғалар үшін қабылдау квотасы көзделген:

1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар қатарындағы азаматтар;

2) басқа мемлекеттер аумағындағы соғыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;

3) ауыл жастары қатарындағы азаматтарды ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқытуға;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар;

5) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ауыл жастары қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары;

7) төрт және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиеленетін отбасылардан шыққан балалар;


8) осы мәртебесі кемінде үш жыл толық емес отбасылар қатарындағы балалар;

9) бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар.

1.7 Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларына (БББ) қабылдау квотасының мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысына сүйене отырып айқындалады.

2 ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

2.1 Колледжге талапкерлерді қабылдауды ұйымдастыруды және өткізуді Университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	4-нұсқа: 27.03.2024
	КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6-бет

2.2 Қабылдау комиссиясы өз жұмысында осы Ережені, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (ҚР МАМ), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің (ҚР ОАМ) бұйрықтарын, өкімдері мен нұсқаулық хаттарын, Ұлттық тестілеу орталығының (ҰТО) директивалық және нұсқаулық материалдарын басшылыққа алады.

2.3 Қабылдау комиссиясының негізгі міндеттері:


- кәсіптік бағдар беру жұмысы;
- колледжге түсетін азаматтардың құжаттарын қабылдау, ресімдеу және өңдеу;
- оқуға түсушілер үшін консультациялар ұйымдастыру;
- қабылдау емтихандарын дайындау және өткізу;
- емтихан комиссияларының жұмысын бақылау;
- апелляциялық комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру;
- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға конкурс өткізу;
- білім алушылар құрамына қабылдау туралы шешім қабылдау.

2.4 Қабылдау комиссиясының құрамы оның мүшелерінің тақ санынан тұрады және ректордың бұйрығымен тағайындалады. Қабылдау комиссиясының құрамына жұмыс берушілердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері және Университет қызметкерлері кіреді. Комиссия мүшелерінің арасынан төраға, жауапты хатшы, жауапты хатшының көмекшісі және техникалық хатшылар тағайындалады.

2.5 Университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы ректор болып табылады, ол қабылдау комиссиясы қызметінің жалпы бағыттарын айқындайды.

2.6 Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы:

- қабылдау комиссиясы мен техникалық хатшылардың жұмысын ұйымдастырады;
- азаматтарды қабылдауды жүргізеді, қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұрауларына жауап береді;
- қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды;
- студенттік контингентті қалыптастыру мәселелеріне арналған Ғылыми кеңес пен қабылдау комиссиясының отырыстарына материалдар дайындайды;
- жастар арасында кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша ПЦК мен кафедралардың іс-шараларын үйлестіруді жүзеге асырады;
- емтихан тапсырмаларын, билеттерді, бағалау критерийлерін жасау бойынша кафедралардың жұмысын үйлестіреді;
- әңгімелесулерді, емтихан алдындағы консультацияларды және шығармашылық емтихандарды дайындауды және өткізуді

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	4-нұсқа: 27.03.2024
	КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7-бет

ұйымдастырады, емтихан және жазбаша жұмыстарды шифрлауды және дешифрлеуді жүргізеді.

2.7 Жауапты хатшының көмекшісі қабылдау науқаны кезеңінде құжаттаманың дәл және уақтылы өңделуіне дербес жауапты болады, техникалық хатшылар мен бағдарламашыны қажетті кеңсе керек-жарақтарымен және жабдықтарымен қамтамасыз етеді, жауапты хатшының біржолғы тапсырмаларын орындайды.

2.8 Қабылдау комиссиясының техникалық хатшылары талапкерлердің құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және өтініш келіп түскен күні талапкерге құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді, сондай-ақ түсу емтихандарын өткізу кезінде құжаттаманы уақтылы өңдеуді жүзеге асырады.

2.9 Қабылдау комиссиясының жұмысы 10 маусымнан кешіктірілмей басталады және Университеттің Ғылыми кеңесінде қабылдау қорытындылары туралы есеппен аяқталады.


3 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

3.1 Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім БББ (бұдан әрі ТжКБ) бойынша Университетте оқуға адамдардың құжаттарын қабылдау күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 20 шілдесіне дейін жүзеге асырылады.

3.2 Оқуға қабылдау үшін құжаттарды кәметке толғандар жеке өзі, кәметке толмағандар – ата-анасының / заңды өкілінің қатысуымен ұсынады.

3.3 Колледжге қабылдау үшін қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар ұсынылады:

- Университет ректорының атына еркін нысанда қабылдау туралы өтініш;
- білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3x4 см мөлшеріндегі 6 фотосурет;
- № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматтағы 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 065/у нысаны бойынша "Профилактикалық егу картасы" (түпнұсқа және көшірме);
- кеуде флюорографиясының суреті (түпнұсқа және көшірме);
- халықтың әлеуметтік осал санаттарына жататынын растайтын құжаттардың көшірмелері (I және II топтағы мүгедектер мен бала кезінен мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы);

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	4-нұсқа: 27.03.2024
	КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8-бет

- электрондық үкімет порталынан алынған «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (https://egov.kz/cms/ru/services/health_care/2Fpassport);
- электрондық үкімет порталынан алынған «Психиатрия» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (https://egov.kz/cms/ru/services/health_care/2F161_mzsr);
- тіркеу куәлігінің немесе әскери билеттің көшірмесі (17 жасқа толған ұлдар үшін);

Құжаттарға қағаз байланыстырғыш, 8 мөлдір файл, А5 өлшемді конверт қоса берілуі керек.

3.4 Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар олардың мәртебесін айқындайтын құжатты ұсынады.

3.5 Қабылдау квотасы көзделген 1.6-тармақта көрсетілген адамдар Университеттің қабылдау комиссиясына түсу емтихандары басталғанға дейін растайтын құжаттарды ұсынады.

3.7 Колледжге музыкалық мамандықтарға түсуші талапкерлер балалар музыка мектебін бітіргені туралы сертификат беруге міндетті.

3.8 «Графикалық және мультимедиялық дизайн», «Кескіндеме, мүсін және графика», «Сәндік-қолданбалы өнер және халық қолөнері», «Театр-декорация өнері» мамандықтарына түсетін талапкерлер үшін балалар көркемсурет мектебін немесе студиясын бітіргені туралы сертификат ұсынылады.

3.9 Барлық талапкерлер таңдаған мамандық бейіні бойынша екі қабылдау емтиханын тапсырады.

3.10 Қабылдау емтихандары күнтізбелік жылдың 21-28 шілдесі аралығында өткізіледі.


3.11 Мамандық бейіні бойынша қабылдау емтихандары шығармашылық емтихандар нысанында өткізіледі.

3.12 Негізгі орта білімі бар (9-сынып) талапкерлердің техникалық және кәсіптік білімі бар орта буын мамандарын даярлауды оқуға арналған ҚР МАМ бөлетін мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі - Мемлекеттік тапсырыс) бойынша конкурсқа қатысуға құқығы бар.

Жалпы орта білімі бар талапкерлер (11 / 12 сыныптар) тек өз қаражаты есебінен білім алады.

3.13 Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға конкурсты қабылдау комиссиясы шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша талапкерлердің өтініштері негізінде жүзеге асырады. Балдар саны тең болған жағдайда талапкердің білімі туралы құжаттың орташа балы есепке алынады.

3.14 Оқуға қабылданушылар арасында конкурсты қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 29 шілдесінен 2 тамызына дейін өткізеді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	4-нұсқа: 27.03.2024
	КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	9-бет

3.15 Университет конкурс қорытындысын күнтізбелік жылдың 10 тамызына дейін Университеттің ресми сайтында жариялайды.

3.16 Университетке БББ типі бойынша оқуға қабылдау комиссиясының ашық отырысында біліктіліктер, мамандықтар бойынша бөлек жүргізіледі. Шығармашылық мамандықтарға қабылдау үшін шекті өту балы белгіленеді.

3.17 БББ типі бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау Университет ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясы отырысының күнтізбелік жылдың 10 тамызына дейінгі хаттамасы негізінде жүргізіледі.

3.18 Қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты қабылдау комиссиясы ақпараттық стендтерде және Университет сайтында орналастыру арқылы күнтізбелік жылдың 15 тамызына дейін қабылданушылардың назарына жеткізеді.


4 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны мен тәртібін (күні, уақыты, өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және өтінішті қабылдау кезінде қабылданушылардың назарына жеткізіледі.

4.2 Шығармашылық емтихандардың нысандары техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді және 2-кестеде келтірілген.


Кесте 2

№	Мамандықтың коды	Мамандықтың атауы	Қабылдау емтиханының атауы	
			Шығармашылық емтихан 1	Шығармашылық емтихан 2
1	02150100	Аспаптық орындаушылық	Мамандық: ○ Аспаптық бағдарлама ○ Коллоквиум	Сольфеджио: ○ Диктант ○ Ауызша емтихан Есту қабілетін талдау
2	02150400	Хор дирижирлеу	Мамандық: ○ Фортепианода ойнау ○ Ән айту ○ Есту қабілетін талдау ○ Сұхбаттасу	Сольфеджио: ○ Диктант ○ Ауызша емтихан ○ Есту қабілетін талдау
3	02150200	Музыка теориясы	Сольфеджио:	Музыка теориясы:

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	4-нұсқа: 27.03.2024
	КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	10-бет

			<ul style="list-style-type: none"> ○ Диктант ○ Ауызша есту қабілетін талдау ○ Парақтан оқу 	<ul style="list-style-type: none"> ○ Жазбаша жұмыс ○ Фортепианода ойнау ○ Музыкалық әдебиет
4	02150300	Вокалдық өнер (түрлері бойынша)	Мамандық: <ul style="list-style-type: none"> ○ Вокалдық бағдарлама ○ Коллоквиум 	Сольфеджио: <ul style="list-style-type: none"> ○ Диктант ○ Ауызша емтихан ○ Есту қабілетін талдау
5	01140200	Музыкалық білім	Мамандық: <ul style="list-style-type: none"> ○ Аспаптық ○ Вокалдық ○ Коллоквиум 	Сольфеджио: <ul style="list-style-type: none"> ○ Диктант ○ Ауызша емтихан ○ Есту қабілетін талдау
6	02150500	Актерлық өнер	<ul style="list-style-type: none"> ○ Әңгіме / ертегі. ○ Өлең-поэзия. ○ Зерттеу. ○ Би. ○ Ән айту + аспап. 	Коллоквиум (әңгімелесу түрінде)
7	02150800	Театралды-декоративтік өнер	<ul style="list-style-type: none"> ○ Сурет: гипс розеткасы. ○ Академиялық кескіндеме: натюрморт. 	Композиция: сахнаны безендіру
8	02130100	Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша)	<ul style="list-style-type: none"> ○ Сурет: үш-бес заттан тұратын натюрморт, ○ Мүсін: қарапайым пішінді барельефті ою-өрнектің көшірмесі. 	Композиция: сәндік натюрморт
9	02140100	Сәндік-қолданбалы өнер және халықтық қолөнер	<ul style="list-style-type: none"> ○ Сурет: үш-бес заттан тұратын натюрморт, ○ Академиялық кескіндеме: натюрморт. 	Композиция: декоративті натюрморт
10	02110300	Графикалық және мультимедиялық дизайн	<ul style="list-style-type: none"> ○ Сурет: гипс розеткасы ○ Академиялық кескіндеме: натюрморт 	Композиция: сахнаны безендіру

4.3 Әрбір шығармашылық емтиханға қойылатын талаптар, бағалау критерийлері кафедра отырыстарында талқыланады және Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	4-нұсқа: 27.03.2024
	КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11-бет

4.4 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін күнтізбелік жылдың 20 маусымынан кешіктірмей Университет ректорының шешімімен қабылдау емтихандарын өткізу кезеңіне дайындық бағыттары бойынша емтихан комиссиялары құрылады.

4.5 Емтихан комиссиясы мүшелердің тақ санынан тұрады. Комиссия төрағасы емтихан комиссиясы мүшелерінің ішінен көпшілік дауыспен сайланады. Емтихан комиссиясының құрамына Университеттің, жұмыс берушілердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді. Емтихан комиссиясының құрамы Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.6 Шығармашылық емтихандарды өткізу кестесі Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі және ақпараттық стендтерде және Университет сайтында орналастырылады.

4.7 Емтихан комиссияларының шешімдері, егер олардың отырыстарына оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып есептеледі және қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Емтихан комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы емтихан комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

4.8 Емтихан комиссиясының қорытынды отырысында аудио немесе бейне жазба жүргізіледі. Аудио немесе бейне жазба Университет мұрағатында бір жыл сақталады.

4.9 Карантин, элеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде емтихан комиссияларының жұмысын Университет ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізеді.

4.10 Шығармашылық емтихан өткізу үшін аудиторияға қабылданушыны кіргізу талапкердің жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.


4.11 Қабылдау комиссиясы емтихандық шығармашылық жұмыстарды шифрлауды және дешифрлеуді жүргізеді.

4.12 Шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға қабылданушыларға емтихан материалы беріледі және титулдық парақтарды ресімдеуге ұсынылатын тәртіп түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны көрсетіледі, апелляцияға өтініш беру рәсімі түсіндіріледі.

4.13 Шығармашылық емтихандар «2», «3», «4», «5» деп бағаланады. Шығармашылық емтихандардың біреуі бойынша қанағаттанарлықсыз баға (2 балл) алған немесе оған дәлелсіз себептермен келмеген талапкерлер келесі шығармашылық емтиханға, сондай-ақ білім беру мемлекеттік тапсырысын алуға арналған конкурсқа жіберілмейді.

4.14 Шығармашылық емтихандарды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

4.15 Қабылдау комиссиясы шығармашылық емтихандар кезінде тыйым салынған пәндерді (ақпараттық материалдар, электрондық дәптерлер, ұялы

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	4-нұсқа: 27.03.2024
	КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	12-бет

телефондар және басқа да коммуникация құралдары) пайдаланған оқуға қабылданушылардың шығармашылық емтихан нәтижелерінің күшін жою туралы шешім қабылдайды.

4.16 Шығармашылық емтиханның қорытындылары бағалау ведомосімен ресімделеді. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңінде аудио-бейне жазба жүргізіледі, ол Университет мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

4.17 Шығармашылық емтихан нәтижелері өткізілген күні Университеттің ақпараттық стендтерінде және сайтында жарияланады және орналастырылады.

5 АПЕЛЛЯЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Шығармашылық емтихандардың нәтижелерін бағалау кезінде бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу мақсатында және оқуға қабылданушылардың құқықтарын қорғау үшін Университет ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссиялар құрылады.


5.2 Апелляциялық комиссия оның мүшелерінің тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссияның құрамы Университет педагогтары қатарынан құрылады. Апелляциялық комиссияның құрамына емтихан комиссиясының мүшелері кірмейді. Тестілеудің бір пәні бойынша кемінде екі адам болуы тиіс. Апелляциялық комиссия құрамынан мүшелердің көпшілік даусымен төраға сайланады. Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

5.3 Емтихан нәтижелерімен келіспеген адам апелляцияға өтініш береді. Апелляцияға өтініш емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін апелляциялық комиссияға беріледі және өтініш беруші қатысатын апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қарайды.

5.4 Апелляциялық комиссия әр адаммен жеке жұмыс істейді. Адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

5.5 Апелляцияларды қарау барысында жауап, сөз сөйлеу, көрсету үшін баға қоюдың дұрыстығы ғана тексеріледі. Апелляция емтиханды қайта тапсыру емес.

5.6 Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы апелляциялық комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері қол қоятын хаттамалармен ресімделеді.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	4-нұсқа: 27.03.2024
	КОЛЛЕДЖГЕ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	13-бет

6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Осы ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

6.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

